

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар  
ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының №8  
жалпы орта білім беретін мектебі ОМ»КММ**

**«Рухани жаңғыру» үйірмесі**

**Жетекшісі:**

**тарих пәні мұғалімі**

**Немеренко З.Б.**

Атбасар қаласы

2021 жыл

## Түсінік хат.

### Рухани жаңғыру- халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар

Казақстанның бірінші жаңғыруы 30 жыл бұрын КСРО-ның кирандысынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде бастаганымыздан басталған болатын.

Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда - Астананың салынуымен басталды. Үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда. Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек-бағдарламалық құжат. Ұлken екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен Ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей откен озығына негізделуін қадап айтып отыр.

Бұл іргелі мақаланы халық Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсетіп берген тұжырымдамалық бағдарлама ретінде қабылдауда.

Бұл халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар екеніне күмән жок. Нагыз Ұлттық жаңғыру тек Қазақстан тәуелсіздікке кол жеткізгенде ғана, Елбасының ұзак мерзімді стратегиясының негізінде басталды деп айтуда болады.

Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мұлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық.

Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге кабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Сол себептен Елбасы рухани жаңғырудагы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындал берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Тұған елге» ұласатын «Тұған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматтың өзінің тұған жерінің гүлденеү үшін нақты үлес косуға үндейді.

Жас буын өкілдері халықтың иғі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сініріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» үгымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туган жер, ел, атамекен, туган өлкे туралы түсініктер оку- тәрбие үрдісінде, сабактан тыс іс- шараларда Отансүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт-дәстүрді сактау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді окушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Ең бастысы-жас ұрпақ бойында Отанға, туган еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным- өзін-озі басқаруга мүмкіндік беріп, еркіндікті, соғ бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санау.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, оскен ауылнина, қалаң мен оніріне деген сүйіспеншілікten басталады. Сол себепті мен «Туган жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелуе ісінде бага жетпес ұсыныс.

Елбасымыздың «Болашакка бағдар: рухани жаңғыру» атты макаласы- қогам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай колдауына ие болар тарихи бастама. Бұл иғі бастаманы ел ішінде насиҳаттап, лайыкты жүзеге асыру- баршамыздың міндетіміз.

Елбасы рухани жаңғырудагы ұлттық сананың роліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындал берді. Оның ең негізгісі ұлттың терен тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сактап калу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сінген, бүгінде тамырымызда бүлкілдең жатқан ізгі қасиеттерімізді кайта түлетуіміз керек», - еkenін атап көрсетті.

«Президент рухани жаңғырудагы ұлттық сана-сезім коқжиегін көнегінде екі нареңін басын нақты ашип беріп отыр. Оның бірі ұлттық код, ұлттық мәдениет сакталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын откенинің көртартпа тұстарынан бас тарту. Мұндагы басты идея болашақ пен откенді үйлесімді сабактастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», - деді ол.

Елбасының идеясы тарихқа деген көзкарасы түзету мен ұлттық бірегейлікті сактап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр. Елбасының «Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауга ешкімнің қақысы жою», - деуі шешімді пікір.

Рухани жаңғыруда койылып отырган маңызды мәселенің бірі «сананың ашықтығы». Жаһандану үрдісіндегі басты талап әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік тұғызатыны анық.

Елбасы рухани жаңғыру жолында таяу жылдары атқарылуы тиіс негізгі міндеттерді де накты анықтап беріп отыр. Соның бірі латын әліпбійне көшу. Бұл орайда, казак әліпбійнің жана графикадағы бірынғай стандартты нұсқасын қабылдайтын боламыз.

«Президент рухани жаңғыруды жүзеге асыруда, әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін «Жаһандағы заманауи казақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндетін койып отыр.

**2020-2021 оку жылғы**  
**«Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған**  
**іс-шаралар жоспары**

<b>№</b>	<b>Іс-шара</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>сынып</b>
1	«Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл» ашық сабак	қыркүйек	11 сынып
2	«Біз біргеміз» чөллендік	казан	7 сынып
3	«Ұлттық валюта» дебат	караша	8 сынып
4	«Менің елім» сурет сайысы	желтоқсан	9 сынып
5	«Рухани жаңғыру» дәнгелек үстел «Латын алфавит» тыс/шара	кантар акпан	10 сынып 5 сынып
6	«Полиглот» дәнгелек үстел Мұражайға саяхат	наурыз сәуір	11 сынып 9 сынып
7	«Женіс күні» акция	мамыр	10 сынып